

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУ САЯСАТЫ

Бекітілген күні: 29.07.2026 | 1.0 редакциясы

Базаның меншік иесі және операторы	«Football For Kids» Қоғамдық қоры
БСН	260740029114
Интернет-ресурс	https://supernovas.foundation/
Дербес деректер бойынша байланыс	info@supernovas.foundation

Қолданылу аясы

Саясат Supernovas негізгі ақпараттық сайтына, оның кері байланыс нысандарына, өтінімдерге, қайырмалдықтарға және Қормен өзге де өзара іс-қимыл тәсілдеріне қолданылады. <https://education.supernovas.foundation/> оқыту платформасына жеке құпиялылық саясаты қолданылады.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Құпиялылық және дербес деректерді өңдеу саясаты (бұдан әрі - Саясат) <https://supernovas.foundation/> сайтын, оның беттерін, нысандарын және байланысты функцияларын (бұдан әрі - Сайт) қарау және пайдалану кезінде жеке тұлғалардың дербес деректерін жинау, өңдеу, сақтау, беру және қорғау тәртібін айқындайды.

1.2. Дербес деректерді қамтитын базаның меншік иесі және операторы БСН 260740029114, «Football For Kids» Қоғамдық қоры (бұдан әрі - Қор) болып табылады. Supernovas Қордың әлеуметтік жобасы болып табылады және дербес заңды тұлға болып табылмайды.

1.3. Саясат Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына, дербес деректерді жинау және өңдеу қағидаларына, оларды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларына және өзге де қолданылатын нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

1.4. Саясат Сайтты пайдалану шарттарымен, Ерікті қайырмалдық жасау туралы шарт жасасуға арналған жария офертамен және тиісті нысандардың жанында орналастырылған жеке келісімдермен бірге қолданылады. Арнайы келісім немесе шарт болған кезде, тиісті өңдеуге сол құжаттың талаптары қолданылады.

1.5. Саясат Сайтқа кірушілерге, донорларға, өтініш берушілерге, ата-аналарға және балалардың өзге де заңды өкілдеріне, жаттықтырушыларға, волонтерлерге, әріптестерге, ұйымдардың өкілдеріне, жазылушыларға, іс-шараларға қатысушыларға және Сайт арқылы немесе онда көрсетілген байланыстар бойынша Қормен өзара іс-қимыл жасайтын өзге тұлғаларға (бұдан әрі - Субъект) қолданылады.

1.6. Саясат Субъектіге деректерді өңдеу тәртібі туралы ақпарат береді, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасында жеке келісім талап етілетін жағдайларда оның орнын баспайды. Міндетті емес деректерді беруден бас тарту мұндай деректер қажет емес функцияларға қолжетімділікті шектемейді.

1.7. Саясат банктердің, төлем сервистерінің, әлеуметтік желілердің, картографиялық сервистердің, бейнехостингтердің және өзге сыртқы ресурстардың дербес деректерді өз бетінше өңдеуіне қолданылмайды. Мұндай ресурстарды пайдаланар алдында олардың құжаттарымен танысу ұсынылады.

2. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР САНАТТАРЫ

2.1. Өзара іс-қимыл тәсіліне және Субъект ұсынған мәліметтерге қарай Қор мынадай деректер санаттарын өңдеуі мүмкін:

- сәйкестендіру және байланыс деректері: тегі, аты, әкесінің аты бар болса, телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы;
- өтініштер мен өтінімдердің деректері: өңір, елді мекен, ұйым, лауазым немесе рөл, болжамды секция, әріптестік, волонтерлік немесе қатысудың өзге нысаны туралы мәліметтер, хабарлама мазмұны, нысан сұрақтарына жауаптар және тіркелген файлдар;
- заңды өкіл және бала туралы мәліметтер: аты, жасы немесе туған күні, елді мекені, өкілдің байланыс деректері және нақты бағдарламаға қатысу үшін қажетті, жеке нысанда сұратылатын өзге мәліметтер;
- донорлар мен төлемдер туралы деректер: ұсынылған жағдайда аты мен байланыстары, операцияның сомасы, валютасы, күні, мәртебесі және идентификаторы, төлем мақсаты, ай сайынғы қайырмалдық туралы мәліметтер, төлем сервисі беретін болса төлем құралының соңғы цифрлары немесе төлем токени;
- коммуникация деректері: электрондық хаттар, хабарламалар, пікірлер, бағалар, өтініштер тарихы, қолайлы тіл және таңдалған байланыс тәсілдері;
- бағдарламалар мен іс-шараларға қатысу деректері: рөл, тіркелу, қатысу, іріктеу нәтижелері, берілген материалдар, келісімдер және өзге ұйымдастырушылық ақпарат;
- медиа және жария материалдар: фотосурет, кескін, дауыс, бейнежазба, дәйексөз, пікір, қатысушының тарихы және авторлық туралы мәліметтер - тек жеке келісім немесе өзге заңды негіз болған кезде;
- техникалық деректер: IP-мекенжай, кіру күні мен уақыты, браузер мен құрылғының түрі, операциялық жүйе, тіл, өту бетінің мекенжайы, сессия және cookie идентификаторлары, Сайттағы әрекеттер, жүйелік журналдар, қателер және қауіпсіздік оқиғалары;
- келісімдер туралы мәліметтер: қабылданған құжаттың күні, уақыты, мазмұны мен нұсқасы, растау тәсілі, техникалық идентификатор және келісімді қайтарып алу туралы мәліметтер.

2.2. Міндетті жолдар тиісті нысанда белгіленеді. Қор деректер тізбесін мәлімделген мақсат үшін қажеттілік және жеткіліктілік қағидаты бойынша айқындайды.

2.3. Банк картасының толық деректемелері мен CVV/CVC коды банк немесе төлем сервисі арқылы өңделеді және жалпы ереже бойынша Қорға берілмейді. Мұндай мәліметтерді электрондық пошта, нысандар немесе мессенджерлер арқылы жіберуге болмайды.

2.4. Қор Сайттың жалпыға қолжетімді нысандары арқылы медициналық, биометриялық және өзге де арнайы немесе артық деректерді жинауды мақсат етпейді. Егер жекелеген мәліметтер баланың қауіпсіздігі немесе бағдарламаға қатысу үшін қажет болса, олар жеке, ең аз көлемде және тиісті негіз болған кезде сұратылады.

2.5. Субъект тиісті өкілеттіктерсіз үшінші тұлғаның деректерін бермеуге тиіс. Бала туралы деректерді жібере отырып, тұлға өзінің заңды өкіл мәртебесін немесе одан алған өкілеттігін растайды.

3. ДЕРЕКТЕРДІ АЛУ КӨЗДЕРІ

3.1. Қор дербес деректерді мына көздерден алуы мүмкін:

- нысанды толтыру, қайырмалдық жасау, жазылу, электрондық пошта немесе телефон арқылы жүгіну, бағдарламаға не іс-шараға қатысу кезінде тікелей Субъектіден;
- Сайтқа кірген кезде оқиғалар журналдары, cookie және ұқсас техникалық құралдар арқылы автоматты түрде;
- төлемді есепке алу, донормен байланысу, тұрақты тапсырманы тоқтату және өтінішті қарау үшін қажетті көлемде банктен, эквайринг немесе төлем сервисінен;
- заңды өкілден, әріптестен, жаттықтырушыдан, іс-шара ұйымдастырушысынан немесе өзге ұйымнан - өкілеттік, Субъектінің келісімі немесе басқа заңды негіз болған кезде;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы рұқсат ететін жағдайларда және шектерде жалпыға қолжетімді дереккөздерден.

3.2. Субъект дұрыс және өзекті мәліметтер беруге міндетті. Қауіпсіздік, төлем, бағдарламаға қатысу немесе үшінші тұлғалардың құқықтарын қорғау үшін қажет болғанда Қор ақпаратты нақтылауға немесе тұлғаны, өкілеттікті не өтініш мән-жайларын орынды растауды сұратуға құқылы.

4. ӨНДЕУ МАҚСАТТАРЫ

4.1. Дербес деректер мына мақсаттарда өңделеді:

- Сайттың, оның нысандарының, тілдік және пайдаланушылық баптауларының жұмысын қамтамасыз ету;
- кері байланыс өтініштерін, секция ашу, әріптестік, волонтерлік, іс-шараға қатысу және өзге ұсыныстар туралы өтінімдерді алу және қарау;
- өтініш берушімен байланысу, мәліметтерді нақтылау, өтініш мәртебесі туралы хабарлау және одан әрі өзара іс-қимылды ұйымдастыру;
- біржолғы және ай сайынғы қайырымалдықтарды қабылдау, растау, есепке алу және сүйемелдеу, болашақ есептен шығаруларды тоқтату, техникалық қателер мен көзделген жағдайлардағы қайтаруларды қарау;
- бухгалтерлік, салықтық, басқарушылық және өзге міндетті есепті жүргізу, есептілік дайындау және Қор қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- секцияларды, бағдарламаларды, іс-шараларды, оқытуды, волонтерлік және әріптестік бастамаларды ұйымдастыру, қатысушылардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету;
- жеке келісім немесе өзге заңды негіз болған кезде жаңалықтарды, есептерді, қатысушылардың оқиғаларын, фотосуреттерді, бейнелерді және пікірлерді жариялау;
- өтінішке жауап беру, іс-шара өткізу, төлемді растау, қауіпсіздік немесе құжаттардың елеулі өзгеруі үшін қажетті сервистік хабарламаларды жіберу;
- жаңалықтарды, шақыруларды және ақпараттық немесе маркетингтік хабарламаларды тек жеке және ерікті келісім не өзге заңды негіз болған кезде жіберу;
- негізінен жиынтық немесе иесіздендірілген мәліметтер негізінде Сайтқа кіруді талдау және Сайтты, бағдарламалар мен коммуникацияларды жақсарту;
- теріс пайдалануды, алаяқтықты және рұқсатсыз қолжетімділікті болдырмау, қателерді анықтау, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және инциденттерді тергеп-тексеру;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және мемлекеттік органдардың заңды сұрау салуларын орындау, Қордың, Субъектілердің және үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, дауларды реттеу.

4.2. Қор дербес деректерді мәлімделген мақсаттармен үйлеспейтін мақсаттар үшін пайдаланбайды. Егер жаңа мақсат жеке келісімді талап етсе, тиісті өңдеу сол келісім алынғаннан кейін басталады.

4.3. Сайт міндетті жолдардың толтырылуын автоматты түрде тексеруі, өтінішті жауапты қызметкерге жіберуі, техникалық қателерді анықтауы және жиынтық статистика қалыптастыруы мүмкін. Қор заңда көзделген негіз бен қажетті кепілдіктерсіз Субъект үшін елеулі құқықтық салдар туғызатын тек автоматтандырылған шешімдер қабылдамайды.

5. ӨНДЕУ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ КЕЛІСІМ

5.1. Сайт нысандары арқылы дербес деректерді жинау мен өңдеудің негізгі негізі Субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімі болып табылады. Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда өңдеу заңда белгіленген көлемде келісімсіз жүзеге асырылуы мүмкін.

5.2. Келісім жазбаша немесе электрондық нысанда, оның ішінде жеке белгі қою, батырманы басу, нысанды жіберу, төлемді растау немесе ерік білдіру фактісі мен қабылданған құжаттың мазмұнын анық растауға мүмкіндік беретін өзге әрекет арқылы берілуі мүмкін.

5.3. Келісімді растау үшін Қор күнін және уақытын, құжат нұсқасын, нысан идентификаторын, техникалық мәліметтерді және оны алу фактісін дәлелдеуге қажетті өзге деректерді сақтауға құқылы.

5.4. Ақпараттық және маркетингтік таратылымдарға, бейнені немесе пікірді жариялауға, деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратуға, заң бойынша келісім талап етілетін трансшекаралық беруге және баланың деректерін өңдеуге арналған келісімдер заңда немесе өңдеу сипатында көзделсе, міндетті келісімнен бөлек ресімделеді.

5.5. Субъект info@supernovas.foundation мекенжайына өтініш жіберу арқылы келісімді қайтарып алуға құқылы. Қайтарып алу оған дейін жүргізілген өңдеудің заңдылығына әсер етпейді және келісімсіз рұқсат етілетін немесе заң талаптарын орындау, төлемді есепке алу, дауды шешу не құқықтарды қорғау үшін қажетті өңдеуді тоқтатпайды.

5.6. Келісімді қайтарып алу немесе міндетті мәліметтерді беруден бас тарту өтінішке жауап беруді, бағдарламаға қатысуды, қайырмамалдық жасауды немесе оны сүйемелдеуді не нақты функцияны пайдалануды мүмкін етпеуі мүмкін. Қор бұл туралы қолданылатын бөлігінде хабарлайды.

5.7. Аты-жөнді, кескінді, оқиғаны, пікірді немесе өзге деректерді ашық қолжетімділікте тарату тек жеке келісім немесе өзге заңды негіз шегінде жүзеге асырылады. Бағдарламаға қатысуға берілген келісім өздігінен жариялауға келісім болып табылмайды.

6. COOKIE ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

6.1. Сайт беттер мен нысандардың жұмысын қамтамасыз ету, тілді және баптауларды сақтау, теріс пайдаланудан қорғау, қателерді талдау және ақпараттық қауіпсіздік үшін cookie файлдарын және ұқсас технологияларды пайдалануы мүмкін.

6.2. Техникалық тұрғыдан қажетті cookie файлдары Сайттың жұмыс істеуі үшін қажетті көлемде пайдаланылады. Қажетті болып табылмайтын аналитикалық, функционалдық немесе маркетингтік технологиялар Субъект таңдаған баптаулар мен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары ескеріле отырып қолданылады.

6.3. Міндетті емес cookie файлдары қолданылған кезде Сайт хабарлама немесе баптаулар панелін көрсетуі мүмкін. Міндетті емес технологиялардан бас тарту негізгі ақпараттық функцияларды бұғаттамауға тиіс, бірақ жекелеген қолайлылықтар шектеулі жұмыс істеуі мүмкін.

6.4. Субъект cookie файлдарын браузер баптауларында жоя немесе шектей алады. Техникалық тұрғыдан қажетті cookie файлдарын бұғаттау нысандардың, тілдік баптаулардың немесе жекелеген беттердің жұмысын бұзуы мүмкін.

6.5. Кірістірілген бейнелер, карталар, әлеуметтік желілер батырмалары және үшінші тұлғалардың өзге элементтері өз cookie файлдарын орнатып, өз саясаттарына сәйкес техникалық мәліметтер алуы мүмкін.

6.6. Қор қолданылатын технологиялар тізбесін мерзімді түрде нақтылайды. Елеулі өзгерістер осы Саясатта немесе cookie файлдарын басқару интерфейсінде көрсетіледі.

7. ДЕРЕКТЕРДІ БЕРУ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР

7.1. Саясат мақсаттарына қол жеткізу үшін Қор деректердің ең аз қажетті көлемін мына алушылар санаттарына бере алады:

- хостинг, бұлттық инфрақұрылым, резервтік көшіру, техникалық қолдау, CRM, электрондық пошта, телефония, аналитика, мониторинг және ақпараттық қауіпсіздік жеткізушілеріне;
- қайырмамалдықтарды жүргізу, растау және сүйемелдеу үшін банктерге, эквайринг ұйымдарына, төлем сервистеріне және олардың техникалық әріптестеріне;
- құпиялылық шартымен Қордың заңды міндеттерін орындау үшін тартылатын мердігерлерге, консультанттарға, аудиторларға, бухгалтерлерге, заңгерлерге және өзге тұлғаларға;
- нақты бағдарламаға немесе іс-шараға қатысатын әріптестерге, ұйымдастырушыларға, жаттықтырушыларға және өзге тұлғаларға - қатысуды ұйымдастыру үшін қажетті көлемде және тиісті негіз болған кезде;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда соттарға, құқық қорғау және өзге мемлекеттік органдарға заңды әрі тиісті түрде ресімделген талап бойынша.

7.2. Қор алушылардың деректерді тек келісілген мақсаттар үшін өңдеуі, құпиялылықты сақтауы, қорғауды қамтамасыз етуі және заңда өзгеше белгіленбесе, тапсырма орындалғаннан кейін өңдеуді тоқтатуы үшін орынды шаралар қабылдайды.

7.3. Төлем сервисі картаның толық деректемелерін дербес өңдейді және өзінің қауіпсіздік шараларын қолданады. Қор есепке алу, донормен байланысу және төлемді қолдау үшін қажетті операция туралы шектеулі мәліметтерді ала алады.

7.4. Деректерді әріптеске жалпы таратылым, жарнама немесе дербес пайдалану үшін беру жеке келісімсіз немесе өзге заңды негізсіз жүзеге асырылмайды.

7.5. Сыртқы сілтеме бойынша өту кейінгі өңдеуді тиісті ресурс иесі жүзеге асыруы мүмкін екенін білдіреді. Заңнамада тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Қор оның дербес деректерді өңдеу жөніндегі өз бетінше әрекеттері үшін жауап бермейді.

8. САҚТАУ, ЛОКАЛИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ЖОЮ

8.1. Дербес деректерді қамтитын база Қазақстан Республикасының аумағында сақталуға тиіс. Қор сақтау мен резервтік көшіруді Қазақстан Республикасы заңнамасының міндетті талаптарын ескере отырып ұйымдастырады.

8.2. Егер жекелеген сервистің жұмысы үшін деректердің шектеулі көлемін Қазақстан Республикасынан тыс беру қажет болса, мұндай трансшекаралық беру заңда белгіленген талаптар сақталған және талап етілетін жағдайда Субъектінің жеке келісімі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

8.3. Дербес деректер мәлімделген мақсаттарға қажет мерзімнен артық сақталмайды, егер заңда, шартта, жеке келісімде немесе құқықтарды қорғау қажеттілігінде неғұрлым ұзақ мерзім көзделмесе.

8.4. Егер өзге мерзім заңда немесе жеке құжатта белгіленбесе, Қор мына сақтау бағдарларын қолданады:

- өтініштер, өтінімдер және іскерлік хат-хабар - қарау кезеңінде және өзара іс-қимыл аяқталғаннан кейін 3 жылға дейін;
- қайырмамалдықтар, төлемдер, бухгалтерлік және салықтық есеп туралы мәліметтер - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдер ішінде;
- ай сайынғы қайырмамалдық деректері - болашақ есептен шығарулар тоқтатылғанға дейін және одан кейін есепке алу, келісімді растау және өтініштерді шешу үшін қажетті көлемде;
- таратылымдарға арналған деректер - келісім қайтарып алынғанға немесе тиісті коммуникациялық бағдарлама тоқтатылғанға дейін;
- медиа және жария материалдар - келісімнің қолданылу мерзімі және жариялау мақсатына қол жеткізу кезеңінде, бұрын жарияланған, архивтік және баспа материалдарының сипатын ескере отырып;
- әдеттегі техникалық журналдар - инцидентті тергеп-тексеру, құқықтарды қорғау немесе заңды орындау үшін ұзағырақ қажет болмаса, 12 айға дейін;
- келісімді алу және қайтарып алу фактісін растайтын мәліметтер - өңдеу мерзімі ішінде және заңнаманы сақтау мен Қордың құқықтарын қорғауды растау үшін қажетті кейінгі кезеңде.

8.5. Мақсаттарға қол жеткізілгенде, сақтау мерзімі аяқталғанда немесе заңды талап болғанда деректер жойылады, өшіріледі, бұғатталады не иесіздендіріледі. Резервтік көшірмелердегі деректерді дереу жою техникалық тұрғыдан мүмкін болмаса, олар белгіленген жаңарту циклі шеңберінде жойылады.

8.6. Жариялауға берілген келісім қайтарып алынған кезде Қор жаңа жарияланымдарды тоқтатады және өз бақылауындағы цифрлық ресурстардан материалды жою үшін орынды шаралар қабылдайды. Бұрын таратылған баспа материалдарынан, архивтерден, үшінші тұлғалардың жарияланымдарынан немесе іздеу жүйелерінің көшірмелерінен жою объективті түрде шектеулі болуы мүмкін.

9. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ДЕРЕКТЕРІ ЖӘНЕ МЕДИАМАТЕРИАЛДАР

9.1. Сайтты тіркелусіз қарауға болады. Кәмелетке толмағанға қатысты заңдық маңызы бар әрекеттерді, қайырмамалдықтарды және келісімдерді, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше тікелей рұқсат етілмесе, оның заңды өкілі жүзеге асырады.

9.2. Секция ашуға, баланың қатысуына, іс-шараларға немесе қатысушының оқиғасын жариялауға арналған нысандар бала мен заңды өкіл туралы деректерді сұратуы мүмкін. Тізбе нақты мақсат үшін қажетті мәліметтермен шектеледі.

9.3. Қор заңды өкілдің өкілеттігін растауды сұратуға және тиісті өкілеттігі жоқ тұлға жіберген мәліметтерді өңдемеуге немесе жоюға құқылы.

9.4. Кәмелетке толмағанның аты, фотосуреті, бейнесі, дауысы, пікірі және оқиғасы заңды өкілдің жеке тиісті келісімі немесе өзге заңды негіз болған кезде ғана жарияланады. Мүмкіндігінше баланың жасы мен жетілуін ескере отырып, оның өз пікірі де ескеріледі.

9.5. Балалар туралы материалдар баланың қауіпсіздігіне, қадір-қасиетіне немесе жеке өміріне негізсіз тәуекел туғызатын артық мәліметтерді қамтымауға тиіс. Қор материалды редакциялауға, иесіздендіруге немесе жариялаудан бас тартуға құқылы.

9.6. Қор заңды және қажетті мақсат үшін бөлек сұратпаған жағдайда, Субъект баланың денсаулығы, отбасылық мән-жайлары және өзге сезімтал деректері туралы мәліметтерді ашық нысандар арқылы жібермеуге тиіс.

10. СУБЪЕКТІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ

10.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде Субъект:

- Қорда өзінің дербес деректері бар-жоғы, оларды өңдеудің мақсаттары, көздері, тәсілдері және алушылар санаттары туралы ақпарат алуға;
- деректерге қол жеткізуге және оларды нақтылауды, өзгертуді немесе толықтыруды талап етуге;
- заңды бұза отырып жиналған немесе өңделген не мәлімделген мақсат үшін артық болған деректерді бұғаттауды, жоюды немесе өшіруді талап етуге;
- келісімді белгіленген тәртіппен қайтарып алуға;
- ақпараттық және маркетингтік таратылымдардан бас тартуға;
- деректердің жалпыға қолжетімді көздерде таратылуына қарсылық білдіруге және заңды негіз болмаған кезде оны тоқтатуды талап етуге;
- Қордың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне уәкілетті мемлекеттік органға немесе сотқа шағымдануға және заңда көзделген өзге қорғау тәсілдерін пайдалануға құқылы.

10.2. Құқықтарын іске асыру үшін Субъект info@supernovas.foundation мекенжайына «Дербес деректер» тақырыбымен сұрау жібереді. Сұрауда тегі мен атын, Қормен байланысу кезінде пайдаланылған байланыс деректерін, талап мазмұнын, тиісті нысанды немесе төлемді және жауап алудың қолайлы тәсілін көрсету ұсынылады.

10.3. Үшінші тұлғаға деректерді ашпау үшін Қор өтініш берушінің тұлғасы мен өкілеттігін орынды тексеруге қажетті мәліметтерді сұратуға құқылы. Мұндай тексеру үшін банк картасының толық нөмірі мен CVV/CVC коды талап етілмейді.

10.4. Сұраулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен қаралады. Талап толық немесе ішінара орындалмаса, Қор заңда рұқсат етілген көлемде негізін хабарлайды.

10.5. Маркетингтік таратылымнан хабарламадағы сілтеме арқылы немесе электрондық поштаға жүгіну арқылы бас тартуға болады. Маркетингтен бас тарту өтінішке жауап беру, төлемді сүйемелдеу немесе қатысу үшін қажетті сервистік хабарламаларды тоқтатпайды.

11. ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ИНЦИДЕНТТЕР

11.1. Қор дербес деректерді заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, жоюдан және өзге құқыққа қайшы әрекеттерден қорғау үшін құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар қабылдайды.

11.2. Деректердің сипаты мен тәуекелдерді ескере отырып, шаралар қол жеткізу құқықтарын бөлу, аутентификация, әрекеттерді есепке алу, резервтік көшіру, қорғалған байланыс арналары, бағдарламалық қамтылымды жаңарту, мониторинг, мердігерлерді бақылау, қызметкерлерді оқыту және құпиялылық міндеттемелерін қамтуы мүмкін.

11.3. Қызметкерлер мен тартылған тұлғаларға қол жеткізу олардың міндеттерін орындау үшін қажетті көлемде ғана беріледі. Субъект те ақылға қонымды қауіпсіздік шараларын сақтауға және төлем немесе сезімтал деректерді қорғалмаған арналар арқылы жібермеуге тиіс.

11.4. Дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылғаны анықталған кезде Қор оны оқшаулау, салдарын жою, құжаттау және қайталануын болдырмау шараларын қабылдайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар мен тәртіпте Субъектілер мен уәкілетті органдарды хабардар етеді.

11.5. Күдікті хабарлама, жалған бет, Қор атауын рұқсатсыз пайдалану немесе ықтимал деректердің таралуы туралы info@supernovas.foundation мекенжайына хабарлау қажет.

12. САЯСАТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

12.1. Қор заңнаманың, Сайт функцияларының, деректер құрамының, төлем немесе техникалық инфрақұрылымның өзгеруіне байланысты Саясатты жаңартуға құқылы. Өзекті редакция бекітілген немесе соңғы жаңартылған күні көрсетіле отырып Сайтта жарияланады.

12.2. Елеулі өзгерістер туралы Қор Сайтта немесе қолда бар байланыс деректері бойынша хабарлай алады. Егер өзгеріс жаңа келісімді талап етсе, тиісті өңдеу ол алынғаннан кейін басталады.

12.3. Жаңа редакция жарияланғаннан кейін Сайтты пайдалануды жалғастыру онымен танысуды білдіреді, бірақ заң бойынша жеке келісім талап етілетін жағдайларда оның орнын баспайды.

12.4. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі. Тараптар дауларды келіссөздер мен жазбаша өтініштер алмасу арқылы реттеуге ұмтылады, ал келісімге қол жеткізілмесе - заңда белгіленген тәртіппен шешеді.

12.5. Саясаттың жекелеген ережесінің жарамсыздығы қалған ережелердің қолданылуына әсер етпейді.

13. ҚОРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Толық атауы	«Football For Kids» Қоғамдық қоры
Қысқартылған атауы	«Football For Kids» ҚҚ
БСН	260740029114
Заңды мекенжайы	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал-2 шағын ауданы, 55-үй, 6-пәтер
Банк	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БСК / БИК	HSBKKZKX
ЖСК / IBAN (KZT)	KZ14601A861091121351
Веб-сайт	https://supernovas.foundation/
Электрондық пошта	info@supernovas.foundation
Телефон	+7 707 182 49 36